

**"Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 55-ө
өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 17 қарашадағы № 144-ө өкімі.

**"Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту
туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27
наурыздағы № 55-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

1. "Жұмыспен қамтудың 2020 - 2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 55-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Жұмыспен қамтудың 2020 - 2021 жылдарға арналған жол картасында:

"Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру тәртібі мен шарттары" деген тарауда:
бесінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияла жазылсын:

"ЖАО және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде:";

төртінші абзац мынадай редакцияла жазылсын:

"3) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға көзделген қаражаттың жалпы көлемінің кемінде 90 % көлемінде болған кезде отандық өндірушілерден сатып алуды, сондай-ақ инфекциялық ауруханаларды орналастыру үшін кейіннен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жасай отырып, медициналық технологиялық жабдықтармен жиынтықта дайын модульдік конструкцияларды және коронавирус инфекциясының таралуына қарсы күрес үшін медициналық жабдықтарды алуды;"

2. Осы өкімнің орындалуына бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

А. Мамин